



Ембі ТЫНЫСЫ

№12 (142)
ҚАРАША
2025 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

БІЛІКТІЛІК

KMG SKILLS: ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАҒАН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ЧЕМПИОНАТЫ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ӘРІПТЕСІМІЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ

«Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ электржазбен дәнекерлеушісі Мұхаммедәмин Жақып Ресейде өткен «Хайтек: болашақ дағдылары-2025» халықаралық жоғары технологиялық кәсіптер чемпионатында үздіктер қатарынан көрінді. Әріптесіміз «Дәнекерлеу технологиясы» санаты бойынша II орын иеленді.

2»»»

ӘЛЕУМЕТ

«ДЕНСАУЛЫҚТЫ ЖАҚСARTУҒА БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫҢ МАҚСАТТЫ ЖҰМСАЛУЫН НАЗАРДА ҰСТАЙМЫЗ»

«Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметінде әрқаз адамдардың өміріне басымдық береді. Қызметкерлерінің денсаулығын нығайтуды өзекті санайды. Бұл орайда ұжым мүшелерінің денсаулығын қолдауға бағытталған әлеуметтік жеңілдіктер жүйесі іске қосылып, арнайы құжат бекітілді.

6»»»

КӘСІБИ МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ БҰРҒЫЛАУШЫЛАРДЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Мұнай операцияларының ішінде ең күрделі және көп қаражатты талап ететіні – терең ұңғымаларды бұрғылау. Жер қойнауындағы мұнай мен газ кен орындарының орналасу жағдайы, олардың сапасы мен қорының көлемі, кен орнын игерудің экономикалық мақсатқа сай келуі және сайып келгенде, мұнай мен газ өндірудің өзі – барлығы да ұңғымаларды бұрғылау арқылы айқындалып, жүзеге асады. Кәсіби ортада «ұңғыма құрылысы» емес, «ұңғыма бұрғылау» деп айтылады.

3»»»

7»»»



Атырау қаласында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында және қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ҚМГ компаниялар тобының жұмысшы мамандықтары арасында KMG Skills кәсіби шеберлік чемпионаты өтті. 18-21 қараша аралығында өткен сайысқа ҚМГ-ның 19 еншілес және тәуелді ұйымдарынан 100-ге жуық адам қатысты.

Жарыста 12 мамандық иелері сынға түсті. Бірінші кезеңде жұмысшылар өз кәсіптері бойынша практикалық тапсырмаларды орындаса, ал екінші және үшінші кезеңде өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын анықтау және алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша біліктіліктерін көрсетті.

Конкурс «Ембімұнайгаз» АҚ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ оқу-жаттығу полигоны), «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС өндірістік алаңдарында және APEC Training Center ЖШС оқу орталығының базасында өтті.

ФОРУМ



«Ембімұнайгаз» АҚ жастардың білімді, жаңашыл, креативті болуы жолында өз үлесін қосып келеді. Бұл бағытта компанияда арнайы бағдарламалар жасақталып, тиімділігін дәлелдеген.

Отандық компания осы мақсаттағы жетістіктерге тоқтамай, таяуда ауқымды форумдар өткізді. Соның бірі – С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университетінің алаңында өткен «ЖАС ЖАЙЫҚ: Ісің – сенің ізің» жастар форумы. Ерекше, креативті форматта өткен іс-шараға облыстағы 7 оқу орнының 150 студенті қатысты.

Жаңашыл бағыттағы басқосулар «Жас Ембі: Жаңашыл Ой, Нақты Іс» форумына жалғасты. 100-ге тарта ембілік жас маманның басын қосқан іс-шарада жас мамандардың кәсіби дамуын қолдау және олардың компания өміріндегі рөлін арттыру жәйі әңгіме өзегіне айналды.

Форумдар барысында республикаға танымал, жасанды интеллект жетістіктерін өз кәсіптерінде кеңінен пайдаланып жүрген табысты бизнес иелері арнайы тренинг өткізіп, ашық пікір алаңында көптеген тақырыптар талқыға түсті.



4-5»»»

КЕЗДЕСУ

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
ДАМУЫНА ҚОЛДАУ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов пен «Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация орталығы» ЖМ бас директоры Елдос Өмірзақовтың қатысуымен жұмысшы жас мамандармен кездесу өтті.

Оған «Самұрық-Қазына» тобының портфельдік компанияларында еңбек етіп жүрген жұмысшы мамандық иелері мен кәсіпорындардың әр деңгейдегі басшылары қатысты. Кездесу барысында жұмысшы мамандықтары жылы аясында қолға алынып жатқан шаралардың орындалу барысы тыңдалды.

Бұл орайда Ғибрат Ауғанов жастардың кәсіби әлеуетін арт-



соңғы бес жыл ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ дуалды білім беру, өндіріс талаптарына сай оқу бағдарламаларын іске қосу, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті дамыту сияқты бағыттарда нақты нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-на қарасты отандық компанияларда еңбек етіп жатқан жұмысшы мамандық иелерінің жалпы саны 300 мыңға жуық десек, солардың 12 мыңнан астамы жұмысшы мамандықтарын дамыту

Qadam оқыту бағдарламасына қатысу үшін жұмысшы мамандықтарының жас көшбасшылары іріктелді. Екі бағыттан тұратын бағдарламаның қорытындысы бойынша қатысушылар өндіріске арналған жобаларын ұсынады. 7 Qadam Master жұмысшы мамандықтарының қызметкерлеріне арналған және 7 негізгі бағыт бойынша қолданбалы дағдылар мен кәсіби шеберлікті дамытуға бағытталған. Бұдан бөлек, Жұмысшы мамандықтары жылында маңызды әлеуметтік жобалар да іске қосылған.

Бұл мәселе бойынша Атырауға келетін болсақ, соңғы 5 жылда 27 жоба қолға алынған. Аталмыш жоба бойынша әлеуметтік бағыттағы жұртшылыққа қызмет көрсетіп жатқаны да бар. Болашақта мұнайлы өңірлердің тұрғындарына есігін ашатын әлеуметтік нысандардың қатары өсе түспекші. Мәселен, алдағы уақытта тапсырылатын Құлсары қаласындағы 5 мектеп пен Доскор кентіндегі кітапхана – осы жобалардың аясындағы шаралар.

Жиын барысында жас мамандар өздерін толғандырған мәселелер мен ұсыныстарын ортаға салды. Қатысушылардың ортақ пікірінше, жас мамандардың әлеуетін арттыру – стратегиялық инвестиция, ал олардың жан-жақты дамуына қолдау көрсету – елдің тұрақты дамуының басты кепілі. **ET**

ИТОГИ

БЕЗОПАСНОСТЬ – ЭТО ЛИЧНАЯ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КАЖДОГО

В АО «Эмбаунайгаз» подвели итоги работы в области производственной безопасности, охраны труда и защиты окружающей среды за девять месяцев 2025 года. В заседании профильного комитета приняли участие начальники нефтегазодобывающих управлений, руководители структурных подразделений компании и представители бизнес-партнеров.

По итогам отчетного периода компании удалось сохранить нулевые показатели по всем ключевым направлениям в области безопасности и охраны труда. Что касается бизнес-партнеров, то в III квартале у них не было зафиксировано происшествий, однако за девять месяцев зарегистрировано шесть несчастных случаев. Кроме того, проверки деятельности бизнес-партнеров выявили 2575 нарушений, из которых на сегодняшний день устранено 99%.

В ходе заседания представители подрядных организаций озвучили ряд проблемных вопросов. Руководство АО «Эмбаунайгаз» призвало бизнес-партнеров к личной вовлеченности в процессы управления производственной безопасностью и охраной труда. **ET**



тыру, олардың қабілеттері мен инновациялық ойлауын дамыту бағытында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарға жан-жақты тоқталды. Оның айтуынша,

бағдарламалары аясында даярлық, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағыттары бойынша оқудан өткен.

Сонымен қатар, модульдік 7

ҚУТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ электр газбен дәнекерлеушісі Мұхаммедәмин Жақып Ресейде өткен «Хайтек: болашақ дағдылары-2025» халықаралық чемпионатында үздіктер қатарынан көрінді. Әріптесіміз «Дәнекерлеу технологиясы» санаты бойынша II орын иеленді.

Аталған саладағы жалпы еңбек өтілі 6 жылды құрайтын ембілік маман: «Осындай сайысқа қатысу маған үлкен шабыт беріп, өзіме деген сенімділікті арттырды. Халықаралық жарыста 3 модульден тұратын тапсырма берілді. 12 сағат уақыт ішінде сарапшылардың қадағалауымен, берілген жұмысты жасадым. Дәнекерлеудің бірнеше түрін қолданумен қатар, қауіпсіздік техникасының сақталуына баса мән берілді. Талаптар өте жоғары болды. Компания намысын қорғап, осындай деңгейге жетуім, 15 қатысушы арасынан 2-ші орын алуым әріптестерімнің қолдауы деп білемін. Сонымен қатар, осы чемпи-

ӘРІПТЕСІМІЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЧЕМПИОНАТТЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ

онатта жетекші болған «Ембімұнайгаз» АҚ Өндірістік-техникалық департаменті Бас механика бөлімінің бас механигінің орынбасары Қуаныш Туриевке алғыс білдіремін» дейді.

Халықаралық чемпионатқа 17 ел мен 50-ден астам кәсіпорынан 1000-нан астам қатысушы мен сарапшы қатысты.

Айта кетейік, әріптесіміз Мұхаммедәмин Жақып – «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы 7 Qadam Master модульдік бағдарламасының қатысушысы. Аталған халықаралық чемпионатқа дайындық және тәжірибе алмасу мақсатында биыл 16-20 қыркүйек аралығында Қытай Халық Республикасының Дацин қаласына іссапарға барып келді. **ET**

БІЛІКТІЛІК



KMG SKILLS:

ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАҒАН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ЧЕМПИОНАТЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

КМГ жұмысшы мамандардың беделін арттыруға ерекше мән беріп келеді. Соған сай, KMG Skills байқауы қызметкерлердің кәсіби деңгейін шыңдап қана қоймай, жас мамандарды ынталандыруға және өндірістегі еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Айта кетейік, чемпионат жұмысшы мамандықтарының беделін арттырып қана қоймай, барлық қызметкерді өндірістік міндеттерді сапалы орындауға ынталандырады.

Алғашқы кезеңде АРЕС Training Center ЖШС оқу базасында технологиялық қондырғыларды жөндеу және қызмет көрсету слесарі, электргазбен дәнекерлеуші, электромонтер, компрессорлық қондырғылардың машинисі, бақылау-өлшеу құрылғылары және автоматика слесарі бойынша 38 маман шеберліктерін көрсетті.

Электргазбен дәнекерлеуші номинациясы бойынша практикалық сынға түскен 9 маман өздеріне берілген пластина мен труба купонында техникалық талаптарға сәйкес сапалы дәнекер жігін орындады. Әр маманға 2 сағат уақыт берілді.

KMG Skills кәсіби шеберлік чемпионатының тағы бір кезеңі Атырау облысындағы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ

өндіру басқармасының оқу-жаттығу полигонында өтті.

Мұнда 33 адам өзара сынға түсті. Олар: мұнай және газ өндіру, ұңғымаларды зерттеу, мұнайды дайындау (тауар операторы) және технологиялық қондырғылар операторлары. Практикалық тапсырмаларды орындау барысында қызметкерлер өз шеберліктерін көрсетсе, қазылар алқасы қатысушылардың кәсіби дағдыларын бағалады.

Зертханашылар мен темір жонушылар Атырау мұнай өңдеу зауыты базасында біліктіліктерін ортаға салды. Бәсекеге түскен сегіз лаборантқа Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес мұнайдың тығыздығын анықтау үшін 45 минут уақыт берілді. Токарлер насосқа арналған деталь дайындады. Мұнда жеті үміткердің жасаған бұйымы мұқият қаралып, сызбаға сәйкестігі тексерілді.

Сонымен қатар, жұмысшылар өрт қауіпсіздігі және алғашқы медициналық көмек бойынша білімдерін көрсетті. Бұл кезеңде барлық 12 мамандық өкілдеріне өрт қауіпсіздігі ережелерін әдейі бұрмаланған иллюстрациялар ұсынылды. Қатысушылардың міндеті – 5 минут ішінде барлық қателерді анықтап, ықтимал тәуекелдерді сипаттап және оларды жою шараларын ұсыну.

Ал, үшінші кезеңде қатысушылар алғашқы медициналық көмек көрсету

бойынша практикалық тапсырмаларды орындады. Жұмысшылар жылжымалы кеуде манекенінде 5 минутта жүрек-өкпе реанимациясы бойынша іс-қимылдар тізбегін атап айтқанда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жедел жәрдем шақыру, жәбірленушінің жағдайын, жүрек соғысын тексеру және қолдың дұрыс орналасуын және жасанды тыныс алу техникасын сақтай отырып, реанимация циклындағы жұргізді. Бұл тапсырмалар қатысушыларға оқиғаға ден қоюды, ережелерді білуді және төтенше жағдайларда үйлесімді әрі сенімді әрекет ету қабілетін көрсетуге мүмкіндік берді.

Төрт күнге созылған чемпионаттың салтанатты қорытынды шарасы ұйымдастырылып, жабылу рәсімінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Өндірістік қатынастар департаментінің директоры Аманғали Нұрдәулетов жаңаша форматтағы чемпионаттың қатысушылар үшін тәжірибе алмасу алаңы болғанын атап өтті. Жұмысшы мамандықтар жылы аясындағы іс-шараның маңыздылығына тоқталып, ел экономикасының дамуы жолында тер төгіп жүрген сала өкілдеріне алғыс білдірді.

Барлық 12 аталым бойынша үздік үштікке енген жеңімпаздар есімі жарияланып, арнайы диплом мен тұрмыстық техника сатып алу үшін қаржылай сертификат табысталды. ET

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗДАР:

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ОПЕРАТОРЫ:

I орын – Әскер Еркетанов,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай-және газ өндіру операторы;

ЭЛЕКТРГАЗБЕН ДӘНЕКЕРЛЕУШІ:

I орын – Амандық Дүйсенғалиев,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ электргазбен дәнекерлеушісі;

ТАУАР ОПЕРАТОРЫ:

II орын – Сәндібек Әділов,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ тауар операторы;
Дублер – Нұрлан Сапаров,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ сусыздандыру-тұзсыздандыру қондырғысының операторы;

ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТАРЫН ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕКТР ЖӨНДЕУШІСІ:

II орын – Русалим Тілегенов,
«Ембімұнайэнерго» басқармасының «Мақат» АЭТ электромонтері;

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СОРҒЫЛАР МАШИНИСІ:

II орын – Асқар Қарымсақов,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ технологиялық сораптар машинисі;

ТОКАРЬ:

II орын – Нүрсейіт Қонырбаев,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ токарі

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАР ОПЕРАТОРЫ:

II орын – Азамат Бисенов,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ сусыздандыру-тұзсыздандыру қондырғысының операторы;

ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ОПЕРАТОРЫ:

III орын – Мұхтар Қапан,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды зерттеу операторы;

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТЫ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СЛЕСАРІ:

III орын – Райымбек Шағраев,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ слесарь жөндеушісі.

ҚАТЫСУШЫЛАР:

- «Ембімұнайгаз» АҚ;
- «Қазгермұнай» БК» ЖШС;
- «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС;
- «CASPI BITUM» БК» ЖШС;
- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ;
- «Өзенмұнайгаз» АҚ;
- «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС;
- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС;
- «Қазақтүрікмұнай» ЖШС;
- «ҚазТрансОйл» АҚ;
- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС;
- «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС;
- «Dunga Operating GmbH»;
- «Урал Ойл энд Газ» ЖШС;
- «Мұнайтелеком» АҚ;
- «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС;
- «Өзенмұнайсервис» ЖШС;
- Oil Construction Company ЖШС;
- Oil Services Company ЖШС.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Жұмысшы мамандықтар жылының аясында «Ембімұнайгаз» АҚ ұйымдастыруымен С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университетінің алаңында «ЖАС ЖАЙЫҚ: Ісің – сенің ізің» жастар форумы өтті.

«Бұлақ көрсең, көзін аш!» деген қазақы ұғымға сай, жастардың білімін жетілдіру, жан-жақты болуына, заман ағымынан қалыспауына мүмкіндік жасау мақсатында өңірдегі оқу орындарының жастарын бір арнаға тоғыстырған ауқымды іс-шараның маңызды мақсаты да сол болды. Өз арнасымен баяу аққан бұлақ та бір уақытта асау өзен-көлге қосылады. Алдында кезіккен талай иірімдерден өтіп, кемелденеді, толысады. Мол сумен бірге арнасын тереңдетіп, ағысы қатайды. Жайық жастарының өз ісі арқылы ізін қалыптастыруына қолдау білдіру мақсатында ембіліктер ұйымдастырған форумның негізгі миссиясы, көздеген межесі де осы еді.

Ерекше, креативті форматта өткен іс-шараға облыстағы 7 оқу орнының 150 студенті қатысты. Форумның панельдік сессиясында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет, Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары Ернұр Тасеменов, Бас технолог Серік Абдиев өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, жастарға мотивация берді.

«Қазір – жаңа, заманауи технологиялар заманы. Бұл бағытта Ембімұнайгаз өз алдына стратегиялық мақсат қойып отыр. Негізгі жоспарымыз – өндірілетін мұнай көлемін арттыру, сонымен қатар, өзіндік шығынын төмендету. Осы бағытта көптеген тың жобалар қолға алынды. Соларды алдағы уақытта да лайықты деңгейде игеріп, дамыту – жастардың қолында. Осы жолда алған білімді қолданып аянбай еңбек ету – ең маңызды болып табылады. Сонымен қатар компания өз қызметкерлерінің, жұмыскерлерінің алаңсыз жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасауды басты ұстаным ретінде айқындаған.

Бүгінгі тақырыпқа қатысты ойымды жалғасам. Жастармен кездесулерде жиі қойылатын сұрақтың бірі: «Көшбасшы болу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек?» Бұл сауалға бірден жауап беруге қиналамын. Лидер боламын, көшбасшы боламын деген адам өзіне талап қойып, соған ұмтыла, батылдықпен нақты мақсат етіп алдына қойған нәтижеге жетеді деген ойдамын» деді Ринат Нұрғожаұлы.

Еңбек жолдарын қарапайым жұмысшы болып бастап, кәсіби өрлеу кезеңдерінен өткен спикерлер негізгі ұстанымдары, өмірлік принциптері, жұмыста жетістікке жету, өз саласының үздік маманы болу тақырыптарында пікірлерін білдірді, сұрақтарға жауап берді.

AI ZAMAN панельдік сессиясында көтерілген жасанды интеллект, креативті индустрия тақырыптары жастар үшін қызықты өтті. Жасанды интеллект жобаларының PR менеджері Әнуарбек Жалел, Clockster негізін қалаушылардың бірі, CEO Ержан Рысқалиев, STogram және AVTOBODY негізін қалаушы, CEO Жандос Тұрсымбаев сияқты жетістіктерге жеткен, өз салалары бойынша үздік мамандар жастармен ой бөлісіп, ЖИ күнделікті өмірде пайдалану, тиімді бағдарламалар туралы пайдалы пікір алмасулар ұйымдастырылды.

Бұдан соң, жастардың мұнай-газ саласы туралы ой-түсініктерін тереңдету мақсатында Talimgerlik сессиясы өтті. Бұл алаңда «Ембімұнайгаз» АҚ қалыптастырған

Жастар форумы: ІСІҢМЕН ІЗ ҚАЛДЫР!



ішкі тәлімгерлер пулының мүшелері арнайы тақырыптық тренингтер өткізіп, теорияны меңгеруге арналған жаттығулар ұсынды. Қатысушылар 5 топқа бөлініп, мұнай дайындау және айдау, мұнай өндіру кезіндегі ақаулар мен ауытқуларды

жою, мұнай сапасын бақылауға арналған химиялық талдау, ұңғымаларды зерттеу жұмыстары, арнайы техникалармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік тақырыптары туралы жалпы мағлұмат алып, қызықты сессияны қорықты.

Маркетолог, блогер Ақсұлтан Калиев те жастармен бір толқында ой өрбітіп, «Лидер деген кім?» сауалының аясында өзін-өзі дамыту, жетістікке жету жолында ұстанатын негізгі бағыттар, ойды еркін жеткізу, сауалды нақты қою секілді мәселелерді студенттермен бірге

талдап, танымдық кездесу өткізді.

Заманауи ұстанымдармен қатар, ұлттық ұғымдарды да ескерген ембілік ұйымдастырушылар жастарды бір мақсатқа, бір нәтижеге жету жолында нақты тапсырма беру арқылы ұжымдық жұмысқа жетелеп, ONER TIME аясында бастарын



ҚАТЫСУШЫЛАР ПІКІРІ

Бекболат БАЙБЕК,

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің студенті:

– Маған бұл форумда қызық болғаны адамның жеке тұлға ретінде дамуы және «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, жетістікке жету жолдары, негізгі ұстанымдары туралы және осы салада еңбек етіп жүрген мамандардың жұмыс барысы туралы түсіндіргені – жас ретінде, болашақ маман ретінде де біз үшін үлкен мүмкіндік. Бұл сияқты кездесулер жиі ұйымдастырылса, мамандығымызға қатысты біліміміз көбейіп, талпынысымыз артады. Негізінде жастар болашақ мамандықтарын анықтау кезінде ата-анасының ықпалымен емес, өз қалауларын жүзеге асыруы керек. Өйткені, форум барысындағы спикерлер де бұл туралы айтты, жұмысыңды жақсы көріп жасасаң, нәтижеге жетесің.

Форум барысында білім алумен қатар, өнерлерімізді ортаға салдық. Фольклор бағыты бойынша ұлттық құндылықтарды дәріптедік. Бағдарлама өте қызықты, танымды болды.

Қорытындысында бірінші орын иеленіп, «Ембімұнайгаз» АҚ дуалды оқыту бағдарламасына сертификат алдым. Бұл – мен үшін үлкен жетістік, зор мотивация. Ұйымдастырушыларға көп алғыс!

Олжас БАҚТЫҒҰЛ,

С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжінің студенті:

– Әсерім өте ерекше. «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығымен жәй ғана пікірлесу емес, сұхбат алу мүмкіндігі берілді. Қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойды және соған нақты жауап алды. Еңбек жолдарымен таныстырып, болашағымызға үлкен әсерін тигізетін ақыл-кеңестерін берді.

Форум қорытындысында екі сыйлық ұтып алдым. Біріншісі – шахмат ойындары бойынша, екіншісі – белсенді қатысып, сауалдарға жауап бергенім үшін Компанияның дуалды оқыту бағдарламасына қатысуға шақырылдым. Жастарды қолдап, осындай форматта кең көлемді шара өткізгені үшін ұйымдастырушы Компанияға барлық қатысушы жастар атынан алғыс білдіремін.

Бибінур АСЫЛБЕКОВА,

APES PetroTechnic жоғары колледжінің студенті:

– Мен сияқты жастар үшін бұл форум – теңдессіз мүмкіндік, үлкен тәжірибе. Студенттік өмірімдегі қызықты, өте пайдалы іс-шараның бірі болды. Сессияға белсенді қатысушы ретінде сыйлық алдым. Ал, оның кітап екенін көргенде тіптен қуандым. Міндетті түрде оқимын. Форум барысында алған білімім де кітаптан кем емес болды.

Ұйымдастырылуы жоғары деңгейде, әр сессия бірінен-бірі өтетін қызықты, тақырыптары бір қарағанда ұқсас болғанымен, бір жағынан алғанда мүлдем бөлек. Спикер ретінде қатысқан қонақтардың әрқайсысынан бөлек инсайт алдық.

Әр минут, әр детальды ескергені үшін және осындай теңдессіз мүмкіндік бергені үшін «Ембімұнайгаз» АҚ алғыс білдіремін.

Жұмабай АМАНОВ,

тәлімгер:

– «Ембімұнайгаз» АҚ ішкі тәлімгерлер мектебін аяқтап, арнайы жасақталған пулға ендік. Соның нәтижесінде бүгін алғаш рет студенттер алаңында тақырыптық тренинг өткіздік. Жастарға күнделікті жұмыстарымыз, жалпы процесс туралы мағлұмат бердік. Тәжірибемізбен бөлісіп, әртүрлі туындаған оқиғалардан шығу жолдары, қауіпсіздік талаптары да қамтылды.

Жалпы бұл саладағы еңбек өтілім – 37 жыл. Қызметімді қарапайым жұмысшы – жерасты жөндеу операторынан бастадым, қазіргі уақытта мұнай-газ өндіру шебері лауазымындамын. Үздік маман кәсіби шеберлік байқауына да бірнеше рет қатысып, жүлдегер атандым. Компанияда жастарды қолдау бағытында жасақталған дуалды оқыту бағдарламасының пайдасы мол. Сол арқылы оқып, еңбекке араласқан жастар қазіргі уақытта әрептестерімізге айналып, бірге еңбек етуде. Жастарға пайдалы білім берумен қатар, жеңімпаздарға осындай сый жасалғаны – олар үшін үлкен мүмкіндік.

Абылайхан ЖҰМАҒАЗИЕВ,

тәлімгер:

– Әріптесіммен бірге осы форум барысында «Зерттеу жұмыстары цехы жұмыстарына кіріспе» тақырыбында тренинг өткіздік. «Бұл қандай цех, жұмыс алгоритмі, зерттеу түрлері қандай, жұмыс процесінде қандай құрал-жабдықтар пайдаланылады?» деген жалпылама түсінік берілді.

Студенттерге интерпретация, динамограмма арқылы талдау түрлері, техника қауіпсіздігі талаптары, ЕМГ өмірлік маңызды қағидалары туралы дәріс өткіздік.

Тренинг соңында QR код арқылы онлайн тест өткізіп, 20 сұрақ берілді. Қатысушылардың басым бөлігі жоғары ұпай алды. Бұл – студенттердің білімді екенін және біздің, яғни, тақырыпты түсінікті жеткізе білген тренер ретіндегі жұмысымыздың нақты көрсеткіші деп айтар едім.

қосты. Барлық қатысушылар мюзикл, фольклор, флешмоб, Film making, English топтарына бөлініп, 1 сағатқа жетпейтін уақыт ішінде өз салалары бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Ромео-Джульетта мюзиклы сахналанып, драма мен лирика қатар көрініс тапса, енді бір сәт сергіту жаттығулары арқылы ағылшын тілін үйрену дәрістеріне жағасты. Бір топ жоспар құру, оған жету, уақытты ескеру, креатив қосу сияқты ұстанымдар негізінде шағын фильм түсірсе, фольклор тобы ұлттық реңк берді. Жастар мақалға шебер, жаңылтпаштан жаңылмайтын, жұмбаққа жүйрік екендерін, суырып салма қырларын айтыс арқылы дәлелдеумен қоса, Қара жорғаны билеп, күй күмбірлетті.

Форумның жабылу салтанатында Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенов:

«Форумның жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткізілуі – зор маңызға ие. Жұмысшылар – қай саланың да негізгі күштерінің бірі. Батыл, жігерлі, мақсаты анық жас өз ісінің жеңімпазы бола алады. Білім алып, жан-жақты болу – қазіргі басты талап. Бүгінгі форум осы миссия аясында өздеріңіз үшін үлкен мүмкіндіктер алаңына айналды. Белсенді қатысып, түрлі тақырыптарды талқыға салғандарыңыз – форумның негізгі мақсатына жеткенін айғақтады» деді.

Форум қорытындысы бойынша, сессиялар арасында ұйымдастырылған шахмат ойынының жеңімпаздары анықталып, естелік сыйлықтар тарту етілді. Сонымен қатар, «Атырау қаласын дамыту және онда өмір сүру сапасын арттыру үшін қандай ұсыныстарыңыз бар?» деген сауалға берілген онлайн жауаптар арасынан креативті, нақты 3 ұсыныс жазған қатысушылар да естелік сыйлықтардың иегері атанды.

Ал, қызықты сұрақтар, жарқын идеялар, ой мен өнер, креатив пен жетістіктер бір алаңға тоғысқан форум қорытындысы бойынша шара барысында телеграм бот арқылы онлайн тапсырмаларды орындап, көп ұпай жинаған, белсенді қатысушылар анықталып, 5 студентке «Ембімұнайгаз» АҚ білімді жастарды қолдауға арналған Дуалды оқыту бағдарламасына қатысуға сертификат берілді. **ET**

ЖАСТАРДЫҢ ЖАҢАША ОЙЛАУЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ ІСКЕ КӨШУІ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ЖАС МАМАНДАР КҮНІНДЕ ОСЫ МӘСЕЛЕЛЕР КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

«Жас Ембі: Жаңашыл Ой, Нақты Іс» атты шарала жас мамандардың кәсіби дамуын қолдау және олардың компания өміріндегі рөлін арттыру жәйі әңгіме өзегіне айналды. Оған Компанияға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелерден келген 100-ге тарта жас маман қатысты.



Қазіргі жаһандану дәуірінде жастардың озық дүниетанымына, ойлау деңгейіне және олардың белсенділігіне қойылатын талаптар күн сайын жаңаруда. Кездесуді ұйымдастырушылардың көздегені – ембілік жас мамандардың заманның талабына сай өзгеріске бейімделе білуі. Шараға қатысушылар алдында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова бұған ерекше мән берді.

«Бүгінгі дамыған уақыт жас мамандардың алдына ерекше талаптар мен мүмкіндіктері ұсынып отыр. Білім мен тәжірибені ұштау бағытындағы әр форматтағы шаралар қатысушылар үшін үлкен мектеп болады. Бүгінгі кездесу – тек диалог емес, нақты іс-әрекетке шақыру алаңы. Бұл жерде жаңашыл ойлар айтылып, жаңа жобаларға қадам жасалады деген сенімдемеміз. Ал, біздер – компания басшылығы сіздердің тиімді бастамаларыңызды қолдауға әрдайым дайынбыз. Талапты жастар осы ойдың аясында өздерінің ұсыныс-жобаларымен бөлісіп, жаңа идеяларын нақты іс-әрекетке айналыру үшін алға бір қадам жасаса, бүгінгі кездесудің мақсаты да осы», – деген басшының пікірі жиналған жастарға үлкен мотивация болды.

Алматыдан арнайы келген мамандар ембіліктер алдында жаңа экономикалық және әлеуметтік орталарда жастардың тиімді шешім қабылдауы, әркез бастамашыл болуы, жасанды интеллекттің кең қарқынмен өріс алуы, оны күнделікті жұмыста дұрыс қолдана білу туралы өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Жасанды интеллектпен бірге – жаңа дәуірге» атты панельдік сессияда шараның модераторы Әнуарбек Жалел Clockster негізін қалаушылардың бірі, CEO Ержан Рысқалиевты, STogram және AUTOBODY негізін қалаушысы, CEO Жандос Тұрғұмбаев пен IT саладағы кәсіпкер, Data Science PhD дәрежесі бар Айболат Құлатайды, маркетинг, кәсіпкер-блогер Ақсұлтан Қалиді ортаға шақырып, олар тақырып аясындағы ойларын ортаға салып, қазіргі заманда күнделікті өмірде естіп отырған стартап, жоба, жасанды интеллектке қатысты жастарға пайдалы кеңестерін берді. Соңында жастардың көкейтесті туындаған сұрақтарына сұрақ-жауап форматында пікір алмасуда жастардың ойларын еркін айтуларына, өздерінің ұстанымдарын тұшымды тілмен жеткізулеріне мүмкіндік берді.

Жиналған ембілік жастар 6 топқа бөлініп, «Береке аренасы» деген атаумен өткен сайыста командамен жұмыс істей білу дағдысын да шебер көрсете білді. Музыка, флешмоб, фольклор бағытында өнерлерін тамаша көрсетіп, жан-жақтылығымен де сынға түсті.

Бұл күннің жеңімпаздарын анықтаудың ерекшелігі – әлеуметтік желінің үлесіне түсті. Телеграмм ботта белсенді болған, қойылған сұрақтарға ең көп ұпай жинау нәтижесінде анықталған жеңімпаздар «Серпін» модульдік оқуына жолдама алды.

Шараның қорытынды бөлімінде – марапаттау рәсімінде жеңімпаздарды ұлығалаған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова мұндай кездесулердің дәстүрлі түрде жалғасын табатынын және жастарға қолдау көрсету – отандық мұнай өндіруші компанияның стратегиялық бағыттарының бірі екеніне баса мән беріп, ерекше атап өтті.



ОЙ БӨЛІССЕК

МЕН ҮШІН БҰЛ КЕЗДЕСУ НЕСІМЕН МАҢЫЗДЫ?



Мұрат ӘЛИХАН,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ Ботахан кен алаңының мұнай-газ өндіру операторы:

– Бүгінгі кездесуге шақырту алғанда бағдарламасында тұрған «Жасанды интеллект – Жаңа дәуірге» деген мәселе көзіме бірден басылды. Жасанды интеллект біздің өмірімізге, күнделікті жұмысымызға батыл еніп келе жатыр. Ботахан кен алаңы – байырғы кеніштер қатарынан. Ғасырдан жоғары уақыт игеріліп келе жатқандықтан байырғы кеніштерде сулану деңгейі жоғары болатыны даусыз. Осы проблемаларға қатысты бізге Қытай елінен ұңғымалар келіп жатыр. Сулану деңгейін айтарлықтай төмендетіп, мұнай беру көрсеткішін көтеру мақсатындағы бұл ұңғымалармен жұмыс істеуде біз жасанды интеллектті ұдайы пайдаланамыз. Ұңғыманың жұмысымен толық танысып, ақпарат алуға құжаттар өзге тілде жазылғандықтан жасанды интеллект бізге таптырмас құрал болды. Бүгінгі шараға қатысуға дайындалғанда менде болған алғашқы ой: «Жасанды интеллект туралы білімімді дамыта түссем». Спикерлердің берген мағлұматы осы ойымды шегелей түсті.



Бекбай АҚЖОЛ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехының дәнекерлеушісі:

– Осы кездесуге алғаш рет қатысып отырмын, компанияға жұмысқа тұрғаным 7 ай ғана уақыт болды. Мен күнделікті жұмыста темірмен жұмыс істеймін. Алдыма неше түрлі темір-терсек келеді. Жұмысқа көшпес бұрын бұл темірдің ерекшелігі неде деген оймен толықтай мәлімет жинаймын. Сол кездерде жасанды интеллекттің күшіне жүгінемін. Сол себепті жасанды интеллект туралы қандай мәлімет болсын мен үшін тиімді. Үйрену, меңгеру – менің өмірде ұстанған кредом. Бүгінгі кездесуде айтылған әрбір мәселе мен үшін құнды болды.



Зайыр БИБЕК,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ геология және кен орындарын игеру бөлімінің геологы:

– Бұған дейін «КМГ-Инжиниринг» мекемесінде еңбек етіп, мердігер маман ретінде Ембі өндірісімен таныс болдым. Бүгін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның толыққанды маманы ретінде үлкен шараға қатысып отырғанымға қуаныштымын. Кездесуде маған ұнағаны коммуникация туралы, жаңа ортаға бейімделу жөнінде, өмірде кездесетін қиындықтармен күресе отырып, өзіңді шыңдау бойынша тыңдаған кеңестерім мені бірден баурап алды. Кездесудің бағдарламасы өте жақсы таңдалған екен. Ұжымда ашық болу, өзге пікірді қабылдай білу және әлемдік үрдістерді, соның ішінде цифрлық ортада әрекетке көшуді меңгеру – кез-келген жас маманның көкейіндегі мәселе деп түсінемін.



Аружан ОТАРБАЕВА,
«Ембімұнайгаз» басқармасының КСТиАТ лиспетчері:

– Кездесуге арнайы келген алматылық спикерлер, өз мамандықтарының шеберлері Ақсұлтан Қали мен Айболат Құлатай, Еркебұлан Дайыровтардың пікірін тыңдағанда шынымен де адам баласы өмір бақи оқуы, үйренуі, жаңаны меңгеруі керек деген ойымды шегелей түсті. Әлеуметтік желілердегі ашық платформалармен жұмыс істеуді шебер игеру, жұмысымда олардың тиімділігін пайдалана білу арқылы кәсібилігімді шыңдай түсетінімді ұғындым. Ұйымдастырушыларға айтар алғысым шексіз. Мұндай ризашылық сезім осы кездесуге қатысқан 100-ге тарта ембілік жас маманның барлығының көкейінде тұрған ой деп есептеймін. «Мен бұл кездесуден не алдым?» деген сауалға қысқа ғана жауап берсем. Бүгінгі таңда ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны салыстырып, талдай білу керек. Оған икемделе білу маңызды. Бұл – креативтілік. «Жаңаша ойлау және жаңаша іс-әрекетке көшу» деген осы.



Тоқтар ЕСЕНАЛИ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы:

– Ұжымға жаңадан жұмысқа келген адам жаңа ортадан алғаш рет күтетіні – өзіне деген жылы байланыс. Саған бәрін түсіндіріп, білмейтінін көрсетіп, жылы қабағын арнап жатса, міне, тиімді коммуникация деген осы. Мен бүгінгі шарадан осы мәселені тереңдей біле түссем деп келдім. Күткеніме қол жеткізуге мүмкіндік болды. «Ембімұнайгаз» АҚ-на жұмысқа 2024 жылдың наурызында қабылдандым. Бұған дейін Атырау өңіріндегі мұнай-газ секторында қызмет етіп жатқан өзге мекемелерде еңбек еттім, мұнай-газ секторы маған таныс сала. Алайда, жаңа ортаның өзіндік қыр-сыры болады. Мұнай өндіру мен оны өңдеу және тасымалдау әрқайсысының арқалар жүгі – әр түрлі. Мен бұған дейін өнімді тасымалдау жөнін меңгерсем, енді мұнайды өндіру бағытына назар аударып жатырмын. Адам баласы үнемі ізденеді, оқиды, трансформациядан өтеді деген осы емес пе? Бізге ондай мүмкіндіктерді беретін осындай шаралар. Ұйымдастырушыларға ембілік жас мамандар атынан шексіз алғысымды білдіремін.



Шынтас БЕКБОЛАТОВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі 2 категория инженері:

– Нақты шешім қабылдайтын, компанияның болашақ нәтижесіне әсер ететін іс-әрекеттерге көшу жөнін осы алаңда көрдік, үйрендік деп батыл айта аламын. Бұрын да осындай шараларға қатысып жүрмін. Алайда, әр спикердің өз айтары бар. Бұл орайда алматылық кәсіби мамандардың бізге берген мағлұматын жоғары бағалаймын.



Георгий ПИСКАРЕВ,
оператор по исследованию скважин цеха исследовательских работ НГДУ «Жайықмұнайгаз»:

– Мероприятие прошло на очень высоком уровне. Диалог со спикерами получился интересный, да и в целом было очень много познавательной информации. Особенно мне понравилась часть про искусственный интеллект.

МУНАЙШЫНЫҢ СҰРАҒЫНА ОРАЙ



2023 жылдың маусым айында ішкі коммуникацияны дамыту мақсатында Ембімұнайгаздың Телеграм-каналы іске қосылды. Бүгінде 2000-ға жуық адам тіркеліп отыр. Телеграм-канал – жұмыс беруші мен жұмысшының арасын тікелей жалғайтын ашық платформа. Қарапайым еңбек адамдарын толғандырған мәселелерге, сауалдарға тиісті мамандардың нақты жауаптарын жариялау жолға қойылған.

Телеграм-каналдағы сауалдарға талдау жасағанымызда жиі қойылатын сұрақтар әлеуметтік және кадрлық салаларға арналатыны анықталды. Осыған орай «Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Мәдениетұлы Калидуллинді сөзге тартып, Телеграм-каналда жиі қойылатын сауалдар туралы кеңірек түсіндіріп өтуді сұрадық.

Қуандық КАЛИДУЛЛИН:

«ДЕНСАУЛЫҚТЫ ЖАҚСARTУҒА БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫҢ МАҚСАТТЫ ЖҰМСАЛУЫН НАЗАРДА ҰСТАЙМЫЗ»

«Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметінде әркез адамдардың өміріне басымдық береді. Қызметкерлерінің денсаулығын нығайтуды өзекті санайды. Бұл орайда ұжым мүшелерінің денсаулығын қолдауға бағытталған әлеуметтік жеңілдіктер жүйесі іске қосылып, арнайы құжат бекітілді. Онда әртүрлі әлеуметтік төлемдер мен өтемақылардың мәні, мақсаты және қолдану тәртібі егжей-тегжейлі баяндалған. Осы мақсаттағы қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне қолданылатын әлеуметтік қолдау мен медициналық көмек көрсету бағытындағы шаралардың жүзеге асырылуына жан-жақты тоқталсам.

Сауықтыру төлемі (125 АЕК)

Компания еңбек демалысына шыққан қызметкерлерге 125 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде сауықтыру төлемін қарастырған. Сауықтыру төлемінің басты мақсаты – қызметкердің денсаулығын нығайтуға, демалысты тиімді өткізуге және жұмысқа белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасау. Бұл – Компания өз қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын қолдауға бағытталған маңызды қадамы.

Хирургиялық операциялар бойынша өтемақы (2 000 000 теңгеге дейін)

Компания қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне медициналық көмек көрсету мақсатында хирургиялық операциялардың шығындарын өтеу мүмкіндігін қарастырған. Қолданыстағы ішкі ережелерге сәйкес, өтемақы мөлшері 2 000 000 теңгеге дейін беріледі.

Бұл өтемақыға не енбейді десек,

- отбасын жоспарлау (планирование семьи) бойынша көрсетілетін қызметтер;
- косметологиялық мақсаттағы операцияларға кеткен қаражат енбейді.

Көз ауруларына қатысты

Глаукома, катаракта және басқа да медициналық көрсеткішпен расталған көз ауруларына жасалған операциялар өтемақыға жатады. Осы жерде ашып айта кету керек, медициналық термин миопия – көздің алыстан көруінің нашарлауы. Миопияның өзі екіге бөлінеді:

- ауыр (жоғары) дәрежедегі миопия бойынша жасалған операциялардың қаражаты өтеледі,

- Миопияның жеңіл және орташа дәрежесінде, егер қосымша қатар жүретін көз аурулары болса ғана, медициналық көрсеткіштер негізінде өтеледі. Қосымша медициналық көрсеткіштер болмаған жағдайда, миопияның жеңіл және орташа дәрежесіне жасалатын оталар өтемақыға жатпайды.

Онкологиялық дертті емдеуге көрсетілетін материалдық көмектер туралы

• Компания жылына бір рет онкологиялық дертті емдеуге материалдық көмек көрсетеді. Нақтыласақ, қатерлі ісік дертін емдеуге төмендегі мөлшерде материалдық көмек көрсетіледі:

- Компания қызметкерлеріне – 2 000 000 (екі миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде,
- Қызметкердің отбасы мүшелеріне (жұбайы, балалары, ата-анасы) – 1 000 000 (бір миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде.

Бұл орайда материалдық көмек алу үшін қызметкерлер тиісті құжаттарды ұсынуы тиіс.

Егер қызметкердің отбасында екі немесе одан да көп адам зиянды ісік дертімен ауырған жағдайда, жоғарыда көрсетілген материалдық көмек әрқайсысына белгіленген лимиттер шегінде көрсетіледі.

Фитнес және спорт қаражатының 50 пайызын өтеу

Компания қызметкерлерінің салауатты өмір салтын ұстануын ынталандыру мақсатында фитнес пен спорттық жаттығуларға жұмсалған қаражаттың 50 пайызын өтеу барысы туралы арнайы құжатқа енгізілген.

Кейбір қызметкерлер тарапынан «Неліктен 100% емес?» деген сұрақтар қойылып жүр. Бұл сауалға жауап бермес бұрын осыған дейін қолға алынған бұрынғы тәжірибенің нәтижесін айта кетейін. Компания қызметкерлердің арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды жолға қойып, сол арқылы денсаулықтарын жақсартуды

көздеп осы мақсатта жұмсалған қаражатты толық өтеуге шешім алған. Алайда тәжірибе көрсеткендей, абонементтің ақысы толық төленгенімен, көптеген қызметкерлер спорт залға бармай, абонементтер пайдаланылмай қалған жағдайлар көп болды. Яғни, тегін берілген нәрсе бағаланбай, оның негізгі мақсаты – денсаулықты нығайту жүзеге аспады. Осыдан кейін фитнес және спорт шығындарының 50 пайызын өтеуге деген ұйғарым болды. Айта кету керек, осы мақсатта әрбір маманға көрсетілетін көмек – 200 000 (екі жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде ғана өтеледі.

Осы ұйғарым күшіне енгеннен бері байқағанымыз қызметкерлердің өз денсаулықтарына, спортқа деген жауапкершіліктері артты. Спортпен айналысуға шынайы ниеттері бар қызметкерлер іріктелінді. Демек, Компанияның бюджетінен бөлінген қаражат мақсатты жұмсалуда.

Ерікті медициналық сақтандыру

Компания ҚР тиісті заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС/ОСМС) жүйесіне ай сайын жарна төлейді. Бұған қоса, қызметкерлерге қосымша қолдау ретінде ерікті медициналық сақтандыру (ДМО) бағдарламасы енгізілген.

Бұл бағдарлама қызметкерлерге не береді:

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, адамның денсаулығы тек медицина сапасына байланысты емес. Әр адамның өз жауапкершілігінде. Статистикаға жүгінсек, жақсы денсаулықтың кепілі:
8-10% – медицина қызметінің деңгейіне,
20% – қоршаған ортаға,
18-20% – тұқым қуалаушылыққа,
50-55% – адамның өмір салтына байланысты.

- жеке клиникаларда ем алуға,
- кәсіби дәрігерлердің кеңесін пайдалануға,
- қажет болған жағдайда шұғыл медициналық көмек алуға мүмкіндік береді.

Санаторий-курорттық сауықтыру өтемақысы (270 000 теңгеге дейін)

Қызметкерлер санаторий-курорттық демалыстан өткен жағдайда Компания 270 мың теңгеге дейінгі өтемақы қарастырған. Бұл әлеуметтік қолдаудың негізгі мақсаты – емдеу емес, ағзаны қалпына келтіру, профилактика және сауықтыру шараларын тұрақты жүргізу.

Осы жерде бір мәселеге көпшіліктің назарын аударғым келеді. Көпшілікке түсінікті болу үшін өтемақыға жататын және өтемақыға жатпайтын қызметтер деп екіге бөліп, оған не кіреді деген мәселеге жан-жақты тоқталсам.

Өтемақыға жататын қызметтер:

- реабилитациялық және сауықтыру бағдарламалары,
- физиотерапия,
- балшықпен емдеу (грязелечение),
- галотерапия, озонотерапия,
- минералды ванналар, массаж,
- детоксикация және ағзаны қалпына келтіру процедуралары.

Стационарлық және амбулаторлық емдеу қызметтері өтемақыға кірмейді. Яғни, бұған кеткен қаражаттарыңыз компания бюджетінен өтелмейді.

Әр басқармада құрылған ПДК комиссиясы құжаттардың сәйкестігін тексеріп, шешім шығарады.

Ал, егер қызметкер медициналық клиникада реабилитациялық сипаттағы ем-шаралардан өтсе және оны растайтын құжаттар (реабилитациялық бағдарлама, процедуралар тізімі, қорытынды анықтама) ұсынса, өтемақы төленеді.

Қоғам басшылығы өндірісті аралап, қызметкерлермен кездескен кезде материалдық көмектер жөнінде сұрақтар қойылып отырады. Тиісінше, ішкі тәртіптерге сәйкес жоғарыда аталған бағдарламалар жыл сайын толықтырылып отырады.

Түйін:

Компания өз қызметкерлерінің денсаулығына жан-жақты қолдау көрсетіп отыр. Дегенмен, ең бастысы – әр қызметкердің өз денсаулығына деген саналы көзқарасы. Денсаулық – ең басты құндылық. Оны сақтау, дерттің алдын алу шараларын дер кезінде жүргізу және Компания ұсынған мүмкіндіктерді тиімді пайдалану – әр адамның өз қолында.

Денсаулықты сақтау – ең алдымен әр қызметкердің жеке жауапкершілігінде екенін ұмытпайық, әріптестер. **ET**



ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ



Фотосуреттер «Бұрғышы-72» ҚК архивінен алынды

Мұнай операцияларының ішінде ең күрделі және көп қаражатты талап ететіні – терең ұңғымаларды бұрғылау. Жер қойнауындағы мұнай мен газ кен орындарының орналасу жағдайы, олардың сапасы мен қорының көлемі, кен орнын игерудің экономикалық мақсатқа сай келуі және сайып келгенде, мұнай мен газ өндірудің өзі – барлығы да ұңғымаларды бұрғылау арқылы айқындалып, жүзеге асады. Кәсіби ортада «ұңғыма құрылысы» емес, «ұңғыма бұрғылау» деп айтылады.

Осы қиын да жауапты істі атқаратын адамдарды бұрғышылар деп атайды. Біз, бұрғышылар, өз саламыздың ардагерлерінің бастамасына үн қатқан, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары/Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №258 бұйрығына сай тек Қазақстанда емес, бүкіл ТМД кеңістігінде алғаш рет Бұрғышы күнін (қарашаның үшінші сенбісінде аталып өтеді) бекіткен Үкіметке зор алғыс білдіреміз!

Бұрғылау саласының мамандары өз қызметінің ерекшелігіне қарай бірнеше санатқа бөлінеді. Бұрғылау вахтасына тікелей басшылық жасайтындар – бұрғышылар, бұрғылау бригадасын басқаратындар – бұрғылау шеберлері, бірнеше бригаданың жұмысын үйлестіретіндер – аудандық немесе басқа да қызметтердің басшылары, сондай-ақ, бас инженер, бас механик, бас энергетик секілді негізгі мамандар бар.

Ембі өңіріндегі бұрғылау тарихы 2014 жылы «Бұрғышы-72» ҚК шығарған «Бұрғышылар энциклопедиясында» («Ақ Жайық» баспасы, Атырау) жан-жақты сипатталған. Бұл мақалада Балықшы барлау бұрғылау басқармасының құрылуы мен дамуы туралы және Теңіз кен орнын барлау жұмыстарына 12 бұрғылау бригадасымен қатысып, осы бірегей кәсіпорынның табысына зор үлес қосқан адамдар жайында сөз қозғалады.

ПКБ директоры болып Мүтиғолла Маташев, бас инженері болып Қамза Қуантыров (екеуі де Гурьев мұнай техникумының 1937 және 1951 жылдардағы түлектері), бас геологы болып Қожыбай Даулетов, өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы болып Әшім Уәлиев тағайындалды.

1960-1970 жылдары кеңседе әртүрлі қызметтерде Гурьев мұнай техникумының, Мәскеу мұнай және газ өнеркәсібі институтының (МИНХИП), Қазақ политехникалық институтының (ҚазПТИ), сондай-ақ Грозный мұнай институтының (ГНИ) түлектері жұмыс істеді. Кейін бұл мамандар бұрғылау ұйымдарының бөлім басшылары ғана емес, сол ұйымдардың жетекшілері деңгейіне дейін көтерілді. Олардың ішінде бұрғышы Насипқали

Марабаевты, Екібай Махамбетовты, геолог Жолдас Жұмалиевты, энергетик Байқадам Құлғазиевты және механик Аманқұл Кенжиевті ерекше атап өтуге болады. 1969 жылы Қазақ политехникалық институтынан Шаттық Құлчанов пен Қалаубай Төлеубаев келді.

1971 жылғы 16 тамызда КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің №417 бұйрығы шықты. Онда «Эмба мұнай» өндірістік бірлестігінде геофизикалық, барлау және құрылыс жұмыстарын күшейту тапсырылды. Осы бұйрықты орындау мақсатында «Эмба мұнай» бірлестігі 1971 жылғы 7 желтоқсанда №101-П өз бұйрығын шығарды. Аталған құжатқа сәйкес, 1972 жылғы 1 қаңтарға дейін Прорва бұрғылау кеңсесі мен «Кенқиқмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының бұрғылау цехы таратылып, олардың негізінде Балықшы барлау бұрғылау басқармасы (БҮРБ) құрылды. Жаңа басқарманың орналасқан жері Гурьев облысының Балықшы ауданы болып белгіленіп, оның құрамына Орталық технологиялық қызмет енгізілді.

1972 жылдың басында басқарма уақытша «Эмба мұнай» коммуналдық кеңсесінің ескі ағаш ғимаратында орналасты. Ол қазіргі «Атырау Жарық» акционерлік қоғамының кеңсесі орналасқан аумақта, Уәлиханов пен Махамбет көшелерінің қиылысында тұрған. Кейін басқарма телемұнара маңындағы вагон қалашығына көшірілді, бұл кейін «Эмба мұнай» өндірістік бірлестігінің өнеркәсіптік аймағына айналды. Дәл осы жерде басқарма басшысы ауысты: 1972 жылғы 17 қарашадағы «Эмба мұнай» бірлестігінің №276 бұйрығымен Мүтиғолла Маташевтің орнына Евгений Шилимов тағайындалды. Ол 1957 жылдан бастап «Эмба мұнай» өндірістік бірлестігінің бұрғылау жөніндегі өндірістік бөлімінің тұрақты басшысы болған, мұнай техникумының (1942 ж.) және Баку индустриялық институтының (1954 ж.) түлегі еді. 1973 жылы басқарма қойма ретінде салынған, тұрмыста «қолбаса» деп аталып кеткен бейімделген ғимаратқа көшті. Ал негізгі ғимаратта орын жетпеген қызметкерлер вагондарда жұмыс істеді.

1973 жылы 19 наурыздағы №30 бұйрыққа сәйкес басқарма бастығының міндетін атқарушы болып «Эмба мұнай» бірлестігінің бұрғылау жөніндегі орынбасары Асабай Хисметов тағайындалды. Ол 1951 жылы Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтын тәмамдаған. Басқармаға оның бұрынғы жұмыс орны – Маңғыстау мұнай барлау экспедициясынан мамандар келе бастады. Осылайша бүкіл ұжымның, соның ішінде жас мамандардың кәсіби өсуіне қолайлы жағдай жасалды. Ембілік мұнайшылардың, маңғыстаулық геологтардың және Волгоград бұрғышыларының тәжірибесі Балықшы барлау бұрғылау басқармасына жүктелген міндеттерді орындауға бағытталып, қысқа мерзім ішінде «Эмба мұнай» өндірістік бірлестігі құрамында тиімді басқару жүйесін қалыптастыруға және бұрғылау көлемі бойынша елеулі табыстарға жетуге мүмкіндік

берді.

Өткен ғасырдың 70-жылдарының басында барлау алаңдарында вахталық вагон қалашықтар мен асханалар пайда бола бастады. Жайық өзенінің жағасында (қазіргі Ақжар кенті) вахталық жұмысшылардың – барлаушылар мен мұнай өндірушілердің отбасылары тұрақты тұратын бұрғышылар ауылын салу үшін орын анықталып, құрылыс басталды.

Жоғарыда айтылғандай, бұрғылау көлемі бірнеше есе артты және 1976 жылға қарай Балықшы басқармасында 26 бұрғылау бригадасы жұмыс істеді: оның 11-і – бес кен орнында пайдалану ұңғымаларын, ал 15-і – оннан астам алаңда барлау ұңғымаларын бұрғылады. Мұндай ауқымды құрылымды басқару барған сайын қиындап соқты. Осыған байланысты «Эмба мұнай» бірлестігі бұрғылау жұмыстарының тағы бір дербес басқармасын, сондай-ақ мұнара монтаждау және тампонаж кеңселерін жеке құрылым ретінде құру туралы шешім қабылдады.

Балықшы басқармасын Асабай Хисметұлы басқаруды жалғастырды, ал бас инженер Екібай Махамбетов жаңадан құрылған Каспий маңы бұрғылау жұмыстары басқармасының (ПУБР) бастығы болып тағайындалды. Айтуларына, сол кезде Асабай Хисметұлы Екібай Жәрдемұлына: «Екібай, жаңа басқармаға қалаған мамандарыңды өзіңмен бірге ала бер», – деген екен. Сөйтіп, ол өз көзқарасы бойынша ең тәжірибелі мамандарды шақырды. Ал Асабай Хисметұлы өз ұжымын негізінен жас мамандардан жасақтады.

Төменде әр басқарманың басшылық құрамын атай кетуге болады.

Балықшы барлау бұрғылау басқармасы (БҮРБ):

Басқарма бастығы – Асабай Хисметов; Бас инженер – Борис Тардонов; Бас геолог – Мақаш Балғымбаев; Орталық инженерлік-технологиялық қызметтің бастығы – Жолдас Жұмалиев.

Каспий маңы бұрғылау жұмыстары басқармасы (КМБЖБ):

Басқарма бастығы – Екібай Махамбетов; Бас инженер – Владимир Самойлов; Бас геолог – Мақаш Рахметов; Өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы – Мұрат Ильясов; Орталық инженерлік-технологиялық қызметтің бастығы – Қамза Қуантыров.

Төменде осы салада абыройлы еңбек етіп, өз үлестерін қосқан мамандардың есімдерін де атай кеткенді жөн көрдік:

Бұрғылау шеберлері: Илья Тухватуллин, Бағыт Жанәбілов, Жұмабай Ержанов, Равиль Каримов, Әбіл Бабасов, Марат Жолымбаев, Халил Жамалетдинов, Кенжебек Ибрашев, Алексей Сиднев, Хамит Нурханов.

Аудандық және орталық инженерлік-технологиялық қызметтердің бастықтары: Жолдас Жұмалиев, Қалаубай Төлеубаев, Мұрат Шавалиев, Жұмабек Жамауов, Ембі Қалмұратов, Асқар Нұржанов, Қуаныш Бисенқұлов, Амантай Аралбаев, Рифат Бикташев.

Шығарындыларға қарсы жабдықты ор-

нату және қызмет көрсету тобы: Қайрат Баймағанбетов, Жеңіс Сейтаев.

Ұңғымаларды қаптау-шегендеу тобы: Шаттық Құлчанов, Фатқулма Даулетьяров.

Технологиялық топ: Борис Тардонов, Сағидолла Аженов, Серік Үрекешев, Марат Исмагулов.

Бас механик қызметі: Жақсекең Жұмағалиев, Серік Кенжеғалиев, Бітімғали Есқожиев, Бакытжан Нұрғалиев, Борис Шырлабаев, Жексен Сариев.

Бас геолог қызметі: Сапарғали Ізтұрғанов, Едіге Жолдасов, Разия Құрманова.

1981 жылдан бастап Балықшы барлау бұрғылау басқармасының дамуында жаңа кезең басталды. Сол жылы «Эмба мұнай» өндірістік бірлестігінің бас директоры Бөлекбай Сағынғалиев КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Косыгинге Теңіз алаңындағы №1 ұңғыманы қысқа мерзімді сынақтан өткізудің нәтижелері жөнінде баяндама жасады. Осының негізінде 1981 жылғы 4 маусымда КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің №522 қаулысы қабылданып, онда Батыс Қазақстанда геологиялық барлау жұмыстарын күшейту және мұнай өндіру өнеркәсібін дамыту жөнінде тапсырмалар берілді.

Теңіз алаңындағы барлау бұрғылау жұмыстарына кезең-кезеңімен «Эмба мұнай» бірлестігі құрамындағы Балықшы барлау бұрғылау басқармасының бұрғылау бригадалары да тартылды. 1981 жылы Балықшы барлау бұрғылау басқармасы Теңіз алаңында №23 ұңғыманы бұрғылауға кірісті. 1982 жылы Теңізде бұрғылау жұмыстары бір мезгілде жеті ұңғымада (№№23, 29, 34, 36, 33, 31, 37) жүргізілді, ал 1983 жылы тағы бес ұңғыма (№№25, 28, 21, 15, 45) қосылды. Бұл кезең Қазақстандағы бұрғылау жұмыстарының тарихындағы ең қарқынды әрі күрделі уақыт болды. Бүгінгі таңда сол уақытта бар болғаны үш жылға жетпейтін мерзім ішінде тереңдігі 5000 метр болатын 12 барлау ұңғымасының құрылысын бастап кету үшін қаншама ұйымдастырушылық және техникалық-технологиялық шараларды жүзеге асыру қажет болғанын елестетудің өзі қиын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі кәсіби мерекелер тізіміне Бұрғышы күнін енгізуі атаалған мамандықтың маңыздылығын дәлелдейтін айқын көрсеткіш емес пе?! Сол себепті барлық бұрғылау саласының қызметкерлері мен ардагерлерін Бұрғышы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Төлеген БАЙЗАКОВ,
бұрғылау саласының ардагер-мұнайшысы, «Құрмет» орденінің иегері

Аманжан ЕПЗБАЕВ,
«Бұрғышы-72» қоғамдық қорының атқарушы директоры

БАЙҚАУ

«Ембімұнайгаз» АҚ Ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен компанияға қарасты барлық басқармалар арасында ардагерлер көркем өнерпаздарының байқауы өтті.


«Өнерім саған, туған ел!» атты байқауда орындалған ән мен жырда, күй мен биде рухты елге деген тағзым, туған жерге деген сүйіспеншілік, ана тілге құрмет көрініс тапты.

100-ге тарта өнерпаз қатысқан байқаудың жеңімпаздары анықталып, олар ақшалай сыйақылармен марапатталды. Әділқазылар алқасының ұйғарымымен жақсы өнер көрсеткен басқарма ардагерлері төмендегідей анықталды:

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ, «ӨТҚЖЖК» басқармасы, «Ембімұнайэнерго» ұжымдары өнерпаздарының өнері жоғары бағаланды.

Айта кету керек, «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша 2 мыңға тарта ардагер мұнайшылар компания тарапынан жан-жақты қамқорлыққа алынған. **ET**

ӨНЕРІМ САҒАН, ТУҒАН ЕЛ!



QUIZ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ БАЙҚАУ



«Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының (ӨТҚЖЖК) ұжымы Quiz интеллектуалдық байқауын ұйымдастырды.

Шараға ӨТҚЖЖК басқармасынан құрылған 5 команда қатысып, еліміздің көне тарихынан бастап бүгінгі заманға дейінгі даму жолын, ел экономикасының күретамыры – мұнай тақырыбы бойынша білімдерімен өзара сынға түсті.

Тақырып аясында білім мен дайындықтарының жан-жақтылығымен көз тартқан «Знатоки» тобы топ жарып, бірінші орынды иеленсе, екінші және үшінші орындарға «Білгіштер мекені» мен «Қыран» топтары лайық деп танылды. Сайыстың төртінші және бесінші орындарын «Қазақ елі» және «Алаш елі» топтары иеленді. **ET**

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.